



Сыр бойы

№57-58 (20933-20934) 19 сәуір, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi_kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Маңғыстау облысына жұмыс сапары Ақтау қаласындағы көтерме сауда-тарату орталығының жұмысымен танысудан басталды.

Мемлекет басшысына азық-түлік қауіпсіздігін сақтайтын мұндай нысанның аймақта алғаш рет салынғаны жөнінде баяндалды. Аталған орталық өңірді азық-түлікпен қамтамасыз ету, тұтынушылармен арадағы делдалдарды азайту және өнім бағасын төмендету мақсатында бой көтерген.

Аумағы 80 мың шаршы метр болатын кешенде 40 мың тонна өнім сақтауға болады. Жобаны жүзеге асыруға 5 миллиард теңге инвестиция тартылған. Жыл соңына дейін орталықтың екінші кезеңін іске қосу жоспарланған. Қазіргі кезде өнім жеткізумен айналысатын отандық ірі кәсіпкерлермен келісім-шарт жасау жұмыстары белсенді түрде жүргізіліп жатыр.

2-бет

/// ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

БАТЫР АТЫН АСҚАҚТАТҚАН БӘСЕКЕ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Кеңес Одағының батыры Тәйімібет Көмекбаевты еске алуға арналған грек-рим күресінен ересектер арасындағы халықаралық турнирдің ашылу рәсімі өтті. Турнирге 10-нан астам мемлекеттен, еліміздің әр өңірінен келген балуандар 10 салмақ дәрежесінде белдеседі.



2-бет

/// ҚЫЗЫЛОРДА: БІР ҒАСЫР БҰРЫН

ҚАЗАҚ «ҚАЗАҚ» БОЛҒАНДА



1925 жылғы сәуір айының 15-і мен 19-ы күндері аралығында V Бүкілқазақ кеңестері съезі өтіп, ел тарихында із қалдырған айтулы оқиғаға айналды. Жиын барысында халқымыздың «қазақ» деген төл аты қалпына келтіріліп, жаңа астана – Ақмешіт қаласын «Қызылорда» деп атау жөнінде шешім қабылданды.

Таңғаларлығы, бұл екі мәселе де съездің күн тәртібінде жоқ еді. Мән-жайды байыптау үшін ғылыми іссапарларымыз барысында Мәскеу, Орынбор, Ташкент қалаларының архивтерінен, сондай-ақ ҚР Президенті архивінен көшірмелері алынған тарихи құжаттарға және Ресей мемлекеттік кітапханасының Химки бөлімшесінде сақтаулы ескі басылымдардың бетінде жарық көрген мақалаларға жүгіндік. Академик М.Койгелдиевтің жетекшілігімен әзірленген «Алашорда ісі» атты құнды жинақтан да тақырыпқа қатысты кейбір деректер ұшырасты.

РКП(б) Қырғыз облыстық комитеті (ол кезде солай аталатын – А.Ш.) бюросының 1925 жылғы 27 ақпандағы өткен мәжілісінде ҚКСР Кеңестері 5-ші Өлкелік Съезінің (әуелгі құжаттарда жиынның аты осылай болды – А.Ш.) мынадай күн тәртібі бекітілді: 1. КСРО-ның халықаралық және ішкі жағдайы; 2. Үкіметтің есебі (Менделшов пен Нұрмаков жолдастардың баяндамалары); 3. Сауда және кооперация; 4. Халық ағарту; 5. Жерге орналастыру және ирригация; 6. КСР-дағы қаржы жағдайы (Орынбор мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві. 1-қор. 1-тізбе, 499-іс, 33-парақ, артқы беті). Сол күннен бастап Қыробкомның (Қазобком) мәртебесі ауысып, Қырөлкеком (Қазөлкеком) боп қолданысқа енгенін де атап өткен жөн. Ал бастапқыда ашылуы 1 сәуірге белгіленіп, кейін 15 сәуірге шегерілген V Бүкілқазақ кеңестер съезінің бірінші мәжілісінде күн тәртібі келесі айырмамен мәлімделді: 1. ҚКСР Үкіметінің есебі; 2. Халық ағарту; 3. Жерге орналастыру және ирригация; 4. Сауда және кооперация; 5. ҚКСР қаржылық жағдайы; 6. Сайлау (Бюллетень V-го Всекиргизского Съезда Советов. 15.05.1925, №1, С.3). Көріп отырғанымыздай, «қазақ» тақырыбы мен астананың атын ауыстыру жөніндегі мәселе қарас-

тырылмаған. Мұның сәл алдында, 9 сәуір күні өткен БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің 2-ші Пленумында да осы төңіректе сөз қозғалмаған (ҚР Президентінің Архиві. 141-қор, 1-тізбе, №7 сактау бірлігі).

Съездің жұмыс кестесі күн сайын танертенгі сағат оннан түскі екіге, сосын үзіліс жасалып, сағат бестен кешкі тоғызға дейін созылды. Ең ақырғы – 19 сәуір күні, онда да жиын аяқталуға таяған кезде Қазақ өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы (республикадағы екінші дәрежелі қызмет) Сұлтанбек Қожанұлы кенеттен сөз сұрады. Аудармада ауытқушылық орын алмауын қалайтын ресми құжат болғандықтан, мәтінді орыс тілінде бергенді жөн көрдік (Бюллетень V-го Всекиргизского Съезда Советов. 19.05.1925, №8, С.5-7). Біріншіден, С.Қожанұлы «қазақ» пен «Қазақстан» атауларын заңдастыру туралы былай деді:

«У нас до сего времени существует одно недоразумение; киргизы сами себя называют казаками. Это они не переняли у русских казаков, а назывались казаками еще гораздо раньше. Первый союз кочевников уже носил название казачества, так что можно думать, что русские казаки переняли это название.

3-бет

ЖАҒАЛАУ ЖАҒАСЫНДАҒЫ ЖАҢҒЫРҒАН ДАҢҒЫЛ

Қызылорда қаласының 200 жылдан астам тарихы бар. Ал биыл, тап осы күндері шаһардың ел астанасы болғанына 100 жыл. Ғасырлар сырын ішке бүккен Сырдың киелі ордасы осындай тарихи сәтте кемел өзгерістің өзегіне айналды. Өдетте, қала атауының ажары жағалаудан көрінеді. Сол жағалау «қазақ» атауы қайтып, алғашқы астанаға 100 жыл толып отырғанда ерекше кейіпке еніп келеді.

Сырдарияның салтанаты жарасқан жағалаудың ұзын-ырығак алып жатқан Тәуелсіздікке – 25 жыл даңғылы бар. Сондағы былтыр қыркүйек айында басталған жұмыс межесіне жакындады. Даңғыл мамыр айында пайдалануға беріледі деген жоспар бар. Біз күні кеше осындағы жаңғырту жұмыстарын көзбен көріп, мамандармен пікірлестік.

Мұнда жауапты мердігер – «УАД» ЖШС. Аумақ басшысы Самат Қарымсаков атқарылып жатқан жұмыстарды кеңінен айтып берді.

–Тәуелсіздікке – 25 жыл даңғылы Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі аумақты құрайды. Ұзындығы – 6,5 шақырым. Бұрын жол екі жолақты болса, қазір төрт жолақты болып кеңейтілді. Қазіргі таңда Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеті тазаланып, дамба нығайтылды. Жолды кеңейту жұмыстары аяқталып, ең соңғы төсемесін салуға дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз.

2-бет



Өңірдің жаңа келбеті



Суретті түсірген: Нұрболат НҰРЖАҒАҒАЙ

